## 4. Байқауды ұйымдастыру және өткізу

4.1. Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің оқытушылары арасындағы «Шабыт шаттығы» атты орындаушылық шеберлік байқауы **2020 жылдың 1 – 30 қараша аралығында** қашықтық түрінде өтеді. Байқаудың қорытындысы **2020 жылдың қараша айының 23, 24, 25 күндері** ZOOM конференциясы арқылы және оқу-әдістемелік орталығының YouTube – арнасында тікелей көрсетіледі.

4.2. «Шабыт шаттығы» V өңірлік қашықтық орындаушылық шеберлік байқауына қатысу үшін қатысушылардың өнер көрсетуі арқылы бейне жазып, ұйымдастыру комитетіне http://www.youtube.com. арнада орналастырылған бейнематериалға сілтеме ұсыну қажет. Бейне сапалы, бір роликпен тоқтаусыз жазылуы керек. Әртүрлі өнер көрсетулерден «кесуге» жол берілмейді!!!

4.3. Байқауға қатысу үшін **2020 жылдың 1-20 қараша аралығында** келесі электрондық мекен-жайға өтінім (1-қосымша) жіберу қажет: **shabyt2020@mail.ru** Байқауға қатысуға өтінімдер аудандық/қалалық білім бөлімі басшысының қолымен бекітілген нұсқада қабылданады.

4.4. Қосымша ақпарат үшін: 87013562611, 87477737761 ұялы байланыс нөмірі арқылы Бермичева Анастасия Владимировна хабарласуға болады.

## 5. Байқауға қатысушыларға қойылатын бағдарламалық талаптар

5.1. Қашықтықтан өтетін байқаудың қатысушылары екі түрлі сипаттағы шығармаларды орындайды. Орындалатын шығарма БММ, БӨМ музыкалық-орындаушылық бөлім түлегінің деңгейінен төмен болмауы тиіс.

5.2. Бағдарламаның дыбысталу уақыты- 8 минутқа дейін.

5.3. Байқаудың шығармасын нотамен орындау тек концермейстрге рұқсат етіледі.

5.4. Егер «Жеке орындаушы» номинациясында бір шығарма концертмейстердің сүйемелдеуімен орындалса, ал екіншісі – сүйемелдеусіз орындалса , концертмейстер бағаланбайды.

## 6. Байқауды өткізу шарттары мен бағалау критерийлері

6.1. Байқауға қатысушыларды бағалау критерийлері:

- орындаушылық шеберлік және әртістік;
- интонация тазалығы және дыбыс сапасы
- техникалық шеберлік деңгейі;
- музыкалық мәтінді білу;
- сенімді сахналық шешім;
- орындау мәнерлілігі және сезімділік;
- бейнелі мазмұн мен музыкалық форманың бірлігі;
- көркем бейненің тұтастығы;
- сахналық мәдениет (қатысушының сыртқы келбеті, сахнада өзін ұстай білу);
- репертуарды таңдау ерекшелігі.

6.2. Қашықтық байқаудың өткізу шарттары:

- байқауға қатысушылардың өнерін қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды.